

Степногорск қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-25/8 "Степногорск қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

### ***Күшін жойған***

Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 6С-20/3 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қыркүйекте № 6088 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 2024 жылғы 9 ақпандағы № 8С-10/2 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Степногорск қалалық мәслихатының 09.02.2024 № 8С-10/2 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 56-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Степногорск қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Степногорск қалалық мәслихатының 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 5С-25/8 "Степногорск қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3992 болып тіркелген, 2014 жылғы 30 қаңтарда "Степногорск ақшамы" және "Вечерний Степногорск" аймақтық қоғамдық-саяси газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Степногорск қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

9-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"9. Әлеуметтік көмек алушылардың келесі санаттарына:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне;

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мұгедектеріне теңестірілген тұлғаларға;

Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген басқа да санаттағы тұлғаларға;

ең төмен зейнетақы алатын және жасы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын егде жастағы тұлғаларға;

1, 2, 3 топтағы мұгедектерге;

мұгедек балаларға;

табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан зардал шеккен азаматтарға (отбасыларға);

қатерлі ісік ауруымен ауыратындарға;

туберкулезben ауыратындарға;

жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінен az отбасылардың, көп балалы, az қамтылған отбасылардың студенттеріне беріледі.

Бұл ретте азаматтарды өмірлік қыын жағдай туындаған кезде мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздемелер;

2) табиғи зілзаланың немесе өрттің салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келтіру не әлеуметтік мәні бар аурулардың болуы;

3) ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,7 еселік мөлшерінен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы негіздеме болып табылады.";

12-тармақтың 1-1) тармақшасы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1-1) Степногорск қаласының мемлекеттік медициналық ұйымдарымен жұмысқа орналасу туралы шарт жасаған, жоғарғы медициналық оқу орындарында оқитын жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, кірісі ең төмен күнкөріс деңгейінен az отбасылардың, көп балалы, az қамтылған отбасылардың студенттеріне оқу орнымен шарт, оқу орнынан анықтама және өтініш берушінің (отбасының) көрсетілген санаттарына жататындығын растайтын анықтама негізінде жылдық оқу құны мөлшерінде төлемге жергілікті бюджет есебінен,".

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат  
сессиясының  
төрайымы

Қалалық мәслихаттың  
хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

H.Mорозова

F.Көпееva

*Степногорск қаласының  
әкімі*

*Ә.Кұмпекеев*

13.09.2017 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК